

АНАТПОД

Анасторий
Таңбай

1990 жылдың
наурызбың 22-сінен
бастап шығады

Сұнқарша шүйілген, билерше толғанған Сәкен



(Кеңсе ісқағаздарын қазақ тілінде жүргізу жайында)

Руханият шамшырағы Ахмет Байтұрсынұлы: «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жүрттың ұлылығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды», – деп жазған-ды. Осы орайда ұлт тілінің қоғам өміріндегі тағдырын ойлаған Сәкен Сейфуллин 1923 жылдың өзінде «Еңбекші қазақ» газетішде «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» (15 ақпан), «Кеңсе істеріш де қазақ тілінде жүргізу керек» (9 маусым), «Кеңселерде істі қазақ тілінде жүргізуге кірісу» (25 маусым), «Қазақстанның губерниялық һәм уездік исполнком төрағаларының құлақтарына» (3 тамыз), «Не қылдындар?» (15 тамыз), «Қазақстанның Зан комиссариатына теңеліндер» (19 қыркүйек), «Кеңселерде қазақ тілін жүргізу» (22 желтоқсан) дейтін қөкейкесті мақалалары түйдек-түйдегімен жарияланды, тағдыранықтағыштық ой-тұжырымдары тізбек-тізбегімен меруерттей тізілді. «Қазақ тілін мекемелерде жүргізу турасындағы сегізінші мақаласы «Ашық хат» деген атаумен 1924 жылғы 17 наурызда «Еңбекші қазақтың» номірінде жарық қөрді. Тіл майданының құрескери С.Сейфуллиннің лек-легімен толғаныспен жазылған жарияланымдарындағы келелі кеңестер, мағыналы, тұрлаулы кесек-кесек ұсыныс-пікірлер мейлінше жанартаудай қуатты, дертке дәрмен еді.

Әйткені ол – қайраткерліктің, көшбасшылықтың абыройын шыншылдықпен, сыншылдықпен жоғары ұстаған дегдар Қазақ Кеңестік Социалистік Автономиялық Республикасы Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы әрі «Еңбекші қазақ» газетінің жауапты редакторы, Оқу-агарту Халық комиссарының орынбасары. Ақиқатында, жоғары лауазымы да, маздаған ойы

да, ұлтжандылық алапат айдынды болмысы да, берекелі харекеті де бір-біріне сайма-сай дүлей қара құйынға қарсы ұшатын үздік жарапан сыйыпқыран еді. Сондықтан Сәкенниң орасан отты сөзі, өткір орынды ойлы пікірі – қазақ сахарасын тау көшкендей жаңғыртқан қара қылды қақ жаратын айқын ақиқат сөз деуге лайық.

Мыңжылдық тарихы бар қазақ тілі, Сәкенше айтқанда, «отаршылдық арам ойлылықтың», қитұрқы саясаттың кесапатынан нәуетек қүйге, мұсәпір халге түсті. 1923 жылы қазақ тілінің кенсе ісқағаздарында қолдануға қатысты мемлекет қайраткері С.Сейфуллин билерше толғанып, сұнқарша шүйіліп, дабыл қақты.

Асан қайғы, әз Жәйібек, Бұқар жырау сынды көрінкел ойшылдар күнбатыстан жеті басты жалмауыз жұлқынып шығатынын, күншығыс елін бүтіндей жұтатынын, ойран-топырын шығаратынын түйсінді. Ақыры, алпыс екі айлалы отарлаушылар киіз туырлықты, ошақтың үш бұтындаі алтын босағалы Қазақ елін құбыжыққа айналдырды. Сәкен қазақтың көрген қорлық-зомбылығын былайша сөйлемеді: «Орыс патшасының төрелері, жасауылдары қазақты біртүрлі мүгедек, мақау жануар деп санап, «киргиз» дегенде біртүрлі менмендік қияпатпен, қорлаған мазақпен айтатын болды. Ақ патшаның «шарапатына» мәз болған мырзалар қазаққа жоғарыдан төмен карап, тұмсығын кекірейтіп, пысқырып, «киргиз» дейтін болды...»

Төрелердің қатындары итіне ұрысқанда «ах, ты, Палкан, киргиздан да жамансың!» дейтін болды...»

«Қырға шыққан шабармандары, жасауылдары қазакқа зорлық қылғанда, қазақты қорқытқанда көзін алартып, тісін қайрап: «у, у, у киргиз-з!!!» дейтін болды».

Қайраткер Сәкен: «Қазақты «қазак» дейік, тарихи қатеи түзетейік!» - деп, парасат биігінен үн қатады.

Отаршылдық саясат, шовинистік пиғыл, тасбауырлық, менмендік – қазақ жұртына құлдық сананың қамытын кигізін, құрдымына батырды. Отыrsa опақ, тұрса сопақ халге түсті. «Күшігінде таланған ит тұлкі алмайды» дейтін тәмсілдің ақиқаттығы айқын көрініс тапты.

«Әрине, қазақ – бұрынғы өгей әкеден кемдік көріп қалған жетім бала».

«Сол бұрынғы қорғалауық болып қалғандықтан, ешбір ірі жұмысқа қасқайып кірісіп, серке болып бастай алмай отыр».

«Қырманын дөңге салған» Сәкен, Ахаңша тұп-тұқиянын қопарып айтқандай, «қазақтың тірі я өлі болу мәселесінде» төтенше іскерлік танытып, арыстанша арпалысып, кенселерде ісқағаздарын қазақ тілінде жүргізуін жолдарын, әдіс-тәсілдерін, «жанды-жансыз бөгеттерін» кешенді түрде талдап түсіндірді. Оның сарабдал сара пікірлері мынадай:

«Мекемелерде істі қазақ тілінде жүргізу бір кісінің айтуымен болатын нәрсе емес, көптің қүшімен, жалпы, ынтамен, тегіс жұмылумен болатын нәрсе».

«Жоқты бар қылады деген, ауыр қындықтарды жеңеді деген қызмет басындағы жігіттер құр уайым айтатын түрі бар. Құр «бұған қаражат керек, бұған анау керек, бұған мынау керек» деген сөздерді айтатын түрлері бар. Жалпы, ынта бөлін, жігер, қайрат болса, өз-өзіне сенген кәміл иман болса, ер

жігіттің істей алмайтын ісі жоқ».

«Әртүрлі себептер айтады. Ақша жоқ дейді. Қазақша іс жүргізуді білетін кісілер жоқ дейді әм толып жатқан сары уайым, қауіп-қатерлерді жаңбырдай жауғызады.

Әрине, ол белгілі. Ынтасыз іске, көңілсіз іске сансыз бөгет, сансыз уайым табуға болады. Бірақ, біздің айтуымызша, бұл іске бөгеттің көптігі басқа себептерден. Себептің ең алды – іс басындағы адамдардың бұл іске шындал кірісken ниеттерінің жоқтығы, ынталарының жоқтығы».

«Екпінді ынта болса, шын ниет болса, қандай болса да іс осындаі бірте-бірте жүріп кетпек».

«Орысша сөйлесең, «білгіш» көрінесің, қазақша сөйлеп, қазақша жазсан, «білмейтін» болып көрінесің».

«Мәселен, Орал губерниясында орысша орта дәрежелі мектеп бітірген елу қазақтың списогі қазір менің қолымда. Бұлар қызметтен қашып елде жүргендер. Мұндай сұмырайлар талай жерде бар».

«Әм жұрт қатар ақы алып қызмет қылудан қашып жүрген сұмырайларды қай ретпен болса да іске жегу».

«Қазақ тілін сіздер тәменнен жоғары қарай жүргізіңіздер. Біз жоғарыдан тәмен қарай жүргізейік».

Осындаға тағы бір керемет жайт еске оралады. 1863 жылдың 7-неші сәуірінде Петербург университеті Шығыс тілдері факультетінің оқытушысы, тіл маманы Ҳұсайн Файзханов (1823–1866) мұраттасы Шоқан Уәлихановқа былай деп жазған: «Қазақтың бұрынғы замандағы судопроизводствосыны, һам ханларының, билерінің праволарыны, һам мирас хақындағы занларыны, қарындашылық құқықларыны, той, байрам ғибадатларыны, бек ару қазак тілінде яzsаңыз еді, мен мұны хрестоматияға язар едім. Андан екі түрлі файда болұр еді: һам тіл үшін, һам этнография үшін». Тіл – ұлт жүрегі! Тіл – ұлт рухының айнасы! Тіл – тәлім, білім, даналықтың негізі!

Асылы, С.Сейфуллин ұлттың сана-сезімін, дүниетанымын, зердесін оятудың ең бір тиімді жолы – ой қозғау, ойынды жанды пікірлеріңмен, жалынды істеріңмен тұжырымдау, дәлелдеу екенін түсінген.

«Оқу-білім майданында» (1924) тіл қолдану мәдениетіндегі «даулы, теріс қолданып жүрген сөздер», емле (жазу) мәселесіндегі «шатақтар» сөз болады. «Қазір тіл сөз қолданудан шатақ болып барады», «бір мағынаға әркім әртүрлі сөз қолданып жүр» деп, жөнсіздіктерді көрсетеді.

Жазу мәдениетімен қатар, сөйлеу мәдениетінің жайын былайша әңгімелейді: «Қазақша сөйлегенде мұздан жүрген тайынша ұсап тұғжындағы сөйлей алмайды». («Орал қаласы», 1923)

Елді сергітіп ояту, дабыл қағып, жалынды сөз айту, «тура, тұзу тәрбие», «тұзу білім» беру, білім жүйесін жетілдіру жолында еңбектену – ұлт қайраткері, қазақ тілінің қызығыш құсы Сәкен Сейфуллиннің гуманистік қағидаты, патриоттық ойы мен ісінің темірқазығы.

Әсіресе баспасөз майданында «айлалы тәсілдерімен» халықтың ой-санасын улайтын, ар-намысын, рухын теріс пікірлерімен шырмауықша шырмайтын арамзалардың жолын кесу, қара нардай шөккен қырсықтардан арылу, тазару

шарт. Тәрбие-білім, баспасөз ұлы идеяларға жүгінгені жөн. Сондықтан С.Сейфуллинше пайымдағанда, «Ашық, қан майданында қару-жаракпен қарама-қарсы шыққан жаудан да, ішіне кіріп алып, бір шатырдың астында, өзіңмен бір көрпе, бір тон жамылған жау жүз есе қауіпті, жүз есе сұм, жүз есе жауыз болмақ һәм бұлармен күресуге білімді, ыңғайлы, зейінді азаматтар өте көп керек» («Баспасөз майданында» (05.04.1924). Яғни – баспасөз – тәрбие мен білімнің құралы. Ендеше, өнегелі өнер, терең білім, жоғары көзқарас, жаңаша таным-пайыммен мұздай қаруланған тәжірибелі көшбасшы тұлғалар болса, әлеумет те әлеуетті, келешегі кемел, заманы сәулетті болар еді.

С.Сейфуллиннің тұлғасында «халық ағасы» мәртебесінде орайлас кемелдік, терендік, көсемдік бар. Мұндай қасиеттердің тұп төркіні неде дегенде «Адамның мінезіндегі кемелдік дегеніміз, – деп түсіндіреді әл-Фараби, – оның жаратылыс болмысындағы кемелдік». «Көркем мінез бар болса», оны қорғай-сақтай білу құнттылығында. Сондай-ақ теориялық, интеллектуалдық, этикалық ізгіліктерінің, тәжірибелік машық-істерінің молдығынан. Және де әрбір нәрсеге ой жүгірте білу, зер салу, ақыл қуатын жұмсау, болмысты тану, ұядан не көргені, естін-тоқығаны, көңілге түйгені және үйренген білімді қызметінде қолдана білгені. Бұл ретте Сәкеннің естелігіндегі сырларына ортақтасайық: «Біздің өзіміздің ауылда да, отбасыда да әңгіме, ертек, өлең сабактары үзілмей айтылатын еді.

...Біздің әкей аңшы еді. Ал аңшы адам кешке отбасыда отырғанда әңгімешіл, ертекші болады, кейде елде ойындар жасалып, өлең, айтыстар болады... Бала күннен, ес кіргеннен бері қарай сол ойын үстінде айтылатын айтыс өлендер және отбасыдан алынған «сабактар» құлаққа сіңген, көңілге тоқылған әңгіме, ертек өлең суреттері менің қиялымда тізбектеле беретін еді» (1931 жыл, 10 май. «Жаңа әдебиет» журналы, 1932 жыл, №7)

«Білімнің түбірі, негізі» отбасы өмірінен мықтап өріледі екен. С.Сейфуллиннің рухани жетілуінің басты себепкері – халық әдебиеті, елдің әңгімешілдік өнері, даналық өнегесі, естілердің тәжірибесі.

С.Сейфуллиннің асыл мұраты – салиқалы, білікті ұрпақ тәрбиелеу. Алайда дәүір мәліметтеріне, замана суреттеріне, ұлттық һәм жалпыадамзаттық құндылықтарға бай қымбаттан да қымбат газет-журналдарды, әдебиеттерді оқымау, тағылым-тәжірибелерінен безу – хайуандық.

Газет, журнал, кітап оқымайтын адам өмірін босқа өткізген, қалың, сапырылысып, асығып қайнаған топтың арасында мең-зең болып, қақтығып, адасып қалған пенде.

XXI ғасырдың 1-ширегінің шәкірттері әлеуметтік желі шылауында. Ал олардың тәлімгері де сондай енжар. БАҚ дегеніміз ұлттық идеяның насиҳатшысы. Алаш көсемдері газет-журнал шығаруға жанқиярлықпен бейнеттенді, отқа да, суға да түсті. Тәуекелділік танытты. Ұлт мұраты жолында мың мاشақатты бастан кешірді.

«Надан адам газет, журнал оқымайды. Газет, журнал оқымаған адам соқыр, мүгедек» («Қазақ жұмыскер, кедейлері газет-журнал оқулары керек». 10.10.1922).

«Қазаққа оқу бұрын бір мәртебе керек болса, енді мың мәртебе керек болды.

Қазақ алдындағы болашағын ойлауы керек!» деп түйін жасайды. («Әр қазактың жадында оқу болсын». 24.11.1922 ж.)
«Қып-қызыл жалындай жайнаған» жеткіншектердің ілім-білім, баспасөз, саясат, мәдениет майданында келешектің озық ойлы тұлғасы болып қалыптасу үшін: ар-намыстан жаралғандықтан, бойына ұлт тілінің рухын, асыл қасиеттерін терең ұялатқандықтан, өмір-тіршілік, тұрмыс, тағдыр, әлеумет жайы жөніндегі жайттарға философиялық қезкарас танытатындықтан, әр нәрсенің себебі мен салдарын қыран көрегендікпен саралайтындықтан, адам өмірінің мән-мағынасын жіті танығандықтан, өсін-өнген ортасының тілегін түбекейлі барлағандықтан, жанды суреттерге бай алмастың асылындаі сап таза толғаулар туыннатады.

«Ойыншықпен жазғам жоқ ешбір өлең,

Женіл қарап жүрмесін, қылмай елең.

Қаранғы мен жарықты өлең қылдым,

Махаббат пен қасірет түбі терең».

(«Автомобиль», 1923 жыл,

14 қазан, Орал, Теке)

Заманынан озып туған маңдайы күндей балқыған санлак республика аймағында кеңсе іскәғаздарын бүтіндей қазақ тілінде жүргізу бағытында отаншылдық, елшілдік, мемлекетшілдік істерде де бар болмысымен тұтас беріліп, кісілік, ірілік, түйғындық танытып, тарих алдында қазақтың қайғысын қабырғасы қайысқанша көтерген қара нар ұятқа қалмайтындаі тамаша ғибрат-насихат қалдырды.

Сәкеннің аманаты – қазақ тілінің бақ-базарын қайта жаңғыртып-жаңарту, асқақ тұғырына қондыру.

Серік Негимов,
Қазақстанның еңбек
сінірген қайраткери,
филология ғылымының
докторы, профессор